Осыған байланысты келесідей сұрақтың туындауы заңды құбылыс: қандай жағдайларда инновациялар барынша жоғары тиімділікпен іс-тәжірибеге нәтижелі енгізілуі мүмкін? Бұл сұраққа, шетелдік тәжірибені басшылыққа алып, нақты білім беру тәжірибесіне инновациялардың келесідей екі аспектісі енгізу арқылы жауап беруге болады. Екі аспект: құндылықты және енгізбелі. Батыстың ғылыми әдебиеттерінде инновацияны қарастырудың ерекшелігі білім беру және әлеуметтік өзгерістерді үздіксіз байланыстыру мәселелеріне, қолданбалы күрделі мәселелерге қызығушылық болып табылады. Білім саласындағы өзгертулердің туындау себептерін сараптай отырып, америкалық ғалымдар М. Фуллан және С. Штигельбауэр плюралистік қоғамда үнемі қоғам, бизнес, өндіріс тарапынан білім саласында инновациялардың туындауына себеп болатын, белгіленген деңгейде жоғары қысым орын алатындығын атап көрсетеді. Бұл ретте, олардың пікіріне сәйкес инновацияның екі аспектісін қарастыру маңызды: құндылықты (инновациялар кімге тиімді) және енгізбелі (инновациялық жобаны және оны жүзеге асыру тәсілін ойлап саралау шынайылығы). Осы аталған аспектілерді ескере отырып, орын алуы мүмкін нәтижелердің төрт түрін бөлуге болады.

I Түр (ИӘ, ИӘ) – бағдарламаның техникалық және технологиялық тұрғыда сапалы өңделгенін, іс-тәжірибеге енгізілгенін және оның тиімділігі құндылық аспектісіне сәйкес өте жоғары бағаланғанын білдіреді.

II Түр (ИӘ, ЖОҚ) – жоспарланған және техникалық тұрғыда жақсы өңделген инновациялық бағдарламаға жатады, бірақ қандайда бір себептерге байланысты іс-тәжірибеге енгізілмеген.

III Түр (ЖОҚ, ИӘ) – орын алуы мүмкін нұсқалар: а) өзгертулер тиісті шамамен техникалық тұрғыда өңделмеген, б) инновациялар енгізілді, бірақ олардың құндылығы жоғары болмай шығып, жағымсыз нәтижелерге жетеледі, бұл көбінесе инновацияны мақұлдау кезінде орын алған сапасыз өндеулермен және шамадан тыс асығыстық жасаумен байланысты.

IV Түр (ЖОҚ, ЖОҚ) шын мәнінде позитивті болып табылады. Нашар өңделген және жеткілікті сараланбаған инновациялардың білім беру тәжірибесімен жоққа шығарылуы және енгізуге жатпауы орын алса, бұл жағдай осы түрге тән. Уақытша және ресурстық шығындарға қарамастан, нәтижесінде бұл бағыт ескіден бас тарту негізінде жаңа конструктивті инновацияларға жетелейді. Американдық ғалымдар М. Фуллан және С. Штигельбауэр тап осы бағыт, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы америкалық білім беру саласына тән болғанын атап көрсетіп отыр. Жалпы, зерттеушілер көз жеткізіп отырғанындай, білім саласына инновацияларды енгізу барысында, сипаттамалы екі негізгі мәселе кездеседі: өзгертулердің заңдылығы және теріс ұғым, яғни көбінесе қажеттілікті елемей, себебі іс жүзінде олар бастапқы кездегідей маңызды емес болып шығады.

Инновациялардың осы көрсеткіштерімен бірге, құндылық және техникалық зерттеу тәрізді басқа да бірқатар көрсеткіштерді жіктеуге болады, атап айтқанда, қызметкерлердің инновацияларды енгізуге даярлығы. Тәжірибешілердің кездесетін негізгі қиындықтары, бұл: енгізудің балама сұлбасын өндеуге мүмкіндіктің болмауы; техникалық және технологиялық күрделі мәселелер; зерттеулердің және өзгертулерді басқару қабілетінің жеткіліксіздігі; инновация функциясын дамытудың пікірталасты сипаты. Ғалымдар жоғары оқу орны қызметкерлерінің инновацияларды енгізуге дайындығы болмаған жағдайда, инновациялық қызметтің заңсыздығы туралы қорытынды жасайды. Саналы ұсыныс-пікір дайындау және оларды нақты іске асыру шетелдік педагогикаға инновациялық білім беру қызметіне кең көлемде талдау жүргізу ұмтылысы тән. Инновацияларды, олардың істен шығу себептерімен бірге енгізу туралы шешім қабылдаудың өзара тәуелділік мәселесі, іс жүзінде тек нақты жоо басқару деңгейіне ғана емес, сонымен бірге жалпы білім саласын қамту деңгейіне де қатысы бар. Мемлекет деңгейінде айқындалған және білім беру процесінің барлық субъектілеріне ұғынықты инновацияның құндылығы, олардың енгізу бағдаржолынан бастап технология деңгейіне дейін ашылып, университеттік профессормен техникалық тұрғыда зерттелуі нақты білім беру тәжірибесіне тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

Осы инновациялардың басым бөлігі бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру

тәжірибесіне нақты енгізілді және жақсы өңделген теориялық базасы бар. Сонымен қатар, стандарттарды өңдеу бойынша қозғалыс аясында туындаған көптеген инновациялар, өміршең болмай шықты, себебі университеттік теориялық зерттеулер нақты ЖОО тәжірибесінен қол үзіп қалды, сонымен бірге өзгертіп қайта құрушылар өз қызметтерін жобалау кезінде келесідей маңызды сұрақтарға жауап бере алмады: білім неге бағытталған? Біз адамның және қоғамның қандай түрін шығаруды көздейміз? Бізге көзделген нәтижеге қол жеткізу үшін оқу процесін ұйымдастырудың және оқытудың қандай әдістері қажет? Қандай білімнің құндылығы мейлінше жоғары? Осының бәрі ІІІ Түрдің көрнекті сипаттамасы болып табылады, яғни техникалық және технологиялық тұрғыда жеткілікті сараланбаған инновациялардың ЖОО жұмысының тәжірибесіне енгізілмеуі. Өзгертулер не үшін жүргізіледі?

Зерттеушілер білім саласында инновациялық өзгертулер туралы шешімдер үкіметтік деңгейде қабылдануы тиіс болған сәтте, білім саласында, «қалыптасқан жүйені өзгерту кәсіпкерлігінде» инновацияларды ұсыну мәселесінде үкіметтің рөлі едәуір жоғары екенін көрсетеді, бұл ретте білім беру процесінің қалыптасқан жүйесін өзгертуді жобалаушы-сарапшылардың біліктілігі жоғары болуы маңызды. Сонымен қатар білім беру процесінің қалыптасқан жүйесін өзгертуді ұсынатын, өңдеушілердің саяси мүдделерді немесе мансапты жиі көздеуі, асығыс және жеткілікті сараланбаған шешімдердің қабылдануына жетелейді. Осыған байланысты, республикалық, жергілікті жоо тәрізді өзге де оқу орындарында да инновациялардың жобасына назар аударуды нығайту қажет, инновациялық процестерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу талап етіледі. Инновацияларды тиімді енгізудің тағы бір шарты ретінде оларды ұсыну (жобалау) деңгейін атауға болады.

Тағы бір күрделі мәселе бір инновацияны енгізу қажеттілігін елемеу және іс жүзінде маңыздылығы бастапқы кездегідей емес өзгесін артық санау болып отыр. Бұл мәселеге сәйкес М. Фуллан келесідей мысал келтіреді. Білім саласын қамтыған қазіргі таңдағы инновациялардың басым бөлігі ептіліктердің және дағдылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік емес, когнитивтік (академиялық) инновацияларды дамытуға бағытталған. Когнитивтік (академиялық) инновациялар барынша нақты, оларды енгізу және өлшеу жеңіл және өзінің тағайындалуы бойынша адамның әрі қарай өмір сүруі үшін маңыздылығы жоғары. Ал демократиялық қоғам үшін маңызды орны бар жеке тұлғалық, тұлғаралық және әлеуметтік қатынастар және дағдылар білім беру процесін жобалау барысында саясаткерлердің басымды ұстанымы болмайды және тиісті назар аударылмайды.

Осылайша, бұл жағдайда, біз маңызды инновациялардың қажеттілігін елемеуді және жалпы қоғамды дамыту үшін маңыздылығы іс жүзінде жоғары болып саналмайтын басымдылықтарды кездестіреміз. Сонымен, білім саласын өзгертудегі күрделі мәселелерді қарастыра отырып, шетелдік ғалымдар инновация тек инновацияны енгізу үшін ғана жүргізілмеуі тиіс екен атап көрсетеді. Инновациялық жаңалықтарды енгізу нәтижесінде қандай құндылықтар қалыптасатындығын, нәтижесінде кім ұтатындығын, басымды ерекшеліктері қандай, олар қаншалықты қолжетімді, әлеуетті өзгертулердің қай саласы жеткілікті бағаланбайтындығын ескеру қажет. Мұның бәрі білім саласындағы инновациялық процестердің нәтижелерін және себептерін тиянақты сараптау қажеттілігімен тікелей байланысты.

Ғалымдар бірінші кезектегі инновация, негізгі ұйымдастырушылық қағидалардың бұзылуына жол бермей, оқышылар мен оқытушылардың өз рөлдерін орындау тәсіліне елеулі өзгерту енгізусіз білім арудың тиімділігі және нәтижесі жоғары болуын көздейтінін, ал екінші кезектегі инновация жаңа мақсаттарды, құрылымды, рөлдерді қамту арқылы мекеме қызметінің негізін түбегейлі өзгертуге бағытталғанын ерекше атап көрсетеді. Өткен ғасырда білім саласындағы өзгертулердің басым бөлігі білім сапасын арттыруға бағытталған бірінші кезектегі мәселе болған, қазіргі таңда мұның орны бар. Екінші кезектегі өзгертулер, әдетте, сәтсіз аяқталған, себебі оқытушылар мен басшылық тарапынан келіспеушіліктер орын алды және олар объективті жағдайға мүлдем өзгертуге және бейімделуге мәжбүр болды. Сонымен, жалпы білім жүйесі елеулі өзгертулерге ұшырамады.

Тоқсаныншы жылдардан бастап, ЖОО мәдениетін және ұйымдастырылуын өзгертумен, оқышылар мен оқытушылардың рөлдерін және міндеттерін қайта қалыптастырумен байланысты, екінші кезектегі өзгертулердің мән-мағынасы жоғарылады. Оларға мыналар жатады: құндылық, техникалық тұрғыда зерттеу; қызметкердің өзгертулерге дайын болуы; күрделі мәселені шешу, ұсыныс беру (жобалау) дейгейіне бейімделу; инновациялардың сипаты.

Біріншіден, құндылықтар тиянақты анықталған және нақты қалыптастырылған. Негізгі құндылық – студенттерді әрі қарай оқып зерделеу немесе еңбек жолын құру бойынша өз бетінше негізделген таңдау жасауға жағдай жасау және үйрету. Кәсіби даярлық аясында енгізілген барлық инновациялар, оның ішінде жаңа негізді оқу жоспары, ақпараттық жұмыс, кәсіби бейімділік, қорытынды рейтингтің жаңа үлгісі, муниципалды білім желісі аталған құндылықты жүзеге асыруға бағытталған.

Екіншіден, кәсіби даярлықтың әрбір құрамы техникалық және технологиялық тұрғыда толық зерттелген және басқарудың барлық деңгейінде, атап айтқанда, мемлекеттік, аймақтық, муниципалдық білім орындарының тәжірибесіне оны енгізу тетіктері қамтамасыз етілген. Білім беру процесінің барлық субъектілерінің ұстанымына сәйкес инновацияларды енгізуге жүргізілетін мониторинг нақты іс-тәжірибенің қажеттілігіне және мүмкіндігіне дер кезінде назар аударуға және қажетті түзетулерді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, инновацияларды енгізуге қатысты уәждемені және қарсы тұруды алып тастау бойынша педагогикалық кадрлармен жұмыс жүргізу ақпараттық жұмысты қамтиды: кең ауқымды оқырмандарға арналған кәсіби педагогикалық басылымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтар жариялау, Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық хаттары және т.б.; Қазақстан Республикасы субъектілерінің басшылары үшін семинар-кеңестер, даярлық курстары және т.б.

Төртіншіден, инновация нақты күрделі мәселені шешуге бағытталған: оқушының өз мүмкіндіктерін және келешегін бағалауға дайындықсыздығы, әрі қарай оқуға немесе жұмыс атқаруға негізді таңдау жасау тәжірибесінің тапшылығы.

Сараптау нәтижелері көрсетіп отырғандай, білім беру тәжірибесіне инновацияларды тиімді енгізу үшін жоғарыда аталған шарттарды қамтамасыз еткен жөн. Осылайша, өз табиғаты және нәтижесі бойынша инновация бейтараптылық емес, оларды жобалауға тек білім саласы ғана емес, саясаткерлер, сонымен бірге жеке тұлғалық факторлар эсер етеді. Кез келген инновация, оны енгізудің нәтижесінде орын алған өзгертулерді ескеру арқылы сарапталуы тиіс, себебі өзгертулердің барлығы дамуға жетелемейді. Сондықтан білім жүйесіндегі инновациялардың мән-мағынасы жаңа енгізулерге сәйкес, нақты жағдайда туындаған мақсаттарды, құндылықтарды, нәтижелерді өзара байланыстыру арқылы зерттелуі тиіс. Инновациялардың позитивті тәрізді жағымсыз нәтижелерін де айыра білу, соның негізінде білімді әрі қарай дамытуды болжау қажет.

Инновациялық процесте, мысалы, ЖОО және кәсіпорындардың өзара әрекеттесу жүйесін құру маңызды болып табылады. Бүгінгі күні көптеген компаниялар кадрлардың күрделі мәселесіне, кәсіпорынды басқару және технологиясын жетілдіру қажеттілігіне тап болды, олар көбінесе ЖОО рейтингісіне, олардың бағыт-бағдарына, оқыту бағдарламаларына, зерттеу және өңдеу нәтижелеріне барынша назар аударады. ЖОО компаниялармен өзара тығыз қарым-қатынасы мамандарға қойылатын қазіргі таңдағы талаптарды айқындауға, заман талабына сай техникаларды, технологияларды меңгеру білімін қамтитын оқу процесін ұйымдастыруға ықпал етеді. Студенттердің өндірістік тәжірибені кәсіпорындарда өтуі теориялық дайындыққа қосымша, студенттерде тәжірибелік дағдыны игеруге, қазіргі таңдағы технологиялардың қарқынды даму үстіндегі нарығының талаптарын меңгеруге мүмкіндік береді. Білім саласына қолдау көрсету үшін іс-әрекеттерді біріктіру қажеттілігі жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қарқынды дамытумен байланысты, білім саласының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік, ведомстволық, бизнес-құрылымдардың және қоғамдық мекемелердің іс-әрекеттерін біріктіру және бірнеше жалпы міндеттерді шешу қажет екені мәлім болды:

- қаржылық;
- әкімшілік;
- мазмұндылық.

Мемлекеттік ведомстволардың рөлі мемлекеттік ведомстволар (республикалық және аймақтық білім орындары)

- бюджеттік қаржыландырудың бағыттарын айқындайды (инфрақұрылымның дамуы, педагогикалық процеске қатысушылардың біліктілігін арттыру, мультимедиялық және интернет ресурстарын құру)

- педагогикалық процеске қатысушылардың инновациялық қызметтеріне қолдау көрсету үшін жағымды әкімшілік шарттарды құрады (заман талабына сай технологияларды (Қытай, Малайзия) қолданатын тәжірибелік ЖОО құру)

Бизнес-құрылымдардың рөлі бизнес-құрылымдар (олардың өзара әрекеттесуіне негізделген кеңестік мәжілістер)

- білім саласында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың техникалық беталысы бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар дайындайды (қашықтан оқыту, озық және сымсыз технологиялар, мультимедиялық және интернет ресурстар)
- коммерциялық емес мекемелердің сынақ жобаларын жүзеге асыру үшін қаражат бөледі, олардың нәтижелері жалпы ұлттық деңгейде қолданылуы мүмкін (Бразилия, Ұлыбритания, Германия, Ресей, АҚШ).

Біздің міндетіміз әлемнің әр түрлі елдерінің үкіметімен және білім жүйесінің өкілдерімен бірлесіп, компьютерлік және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімді әдістерінің көмегімен білім сапасын арттыруға ықпал ету.

Мақсаттарымыз қандай?

- студенттердің өз бетінше оқу жұмысын жақсартуға қолдау көрсету және экономиканың шарықтау нәтижелі қызмет ету үшін білімге негізделген, қажетті дағдыларды дамытуға көмектесу

Экономикада нәтижелі табысқа қол жеткізу үшін қажет, білімге негізделген келесідей дағдыларды меңгеру маңызды:

- компьютерлік сауаттылық
- жоғары деңгейде саналы ойлау дағдылары
- күрделі мәселені шешу
- қарым-қатынастың жақсы дағдылары
- командалардағы тиімді жұмыс
- заман талабына сай компьютерлік және коммуникациялық технологияларды қолданудың жаңа модельдеріне қолдау көрсету
- маңызды технологиялық салаларда зерттеулерді және университеттердің оқу жоспарларын жаңалауды жылдамдату
- технологиялық дағдыларды және саналы ойлау дағдыларын дамытуға қолдау көрсету.

Резюме

В статье рассматриваются международная практика инновации в сфере образования и формирования выгодных условий для инноваций. Наряду с этим указано на преимущество прямого внедрения инноваций в организацию учебного процесса, в программы и методики сферы образования.

Summary

The article examines the practice of international innovation in education and favorable conditions for innovation. Along with that article indicates direct introduction of innovations in the educational process, programs and methods.

ОӘЖ 338.173:658.800 92

АЗРЕТБЕРГЕНОВА Г.Ж.,

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

«Экономика» кафедрасының меңгерушісі,

э.ғ.к., аға оқытушы

МАҚТА-ТОҚЫМА КЛАСТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІН ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Аннотация

Қазақстандағы мақта-тоқыма кластерін дамытудағы мақта өндірісінің барлық сатылары қамтылған. Отандық өндірістегі қолданылатын және сыртқы нарыққа сапалы мақта талшығын шығару үшін, шитті-мақтаның өнімділігін арттырудың тиімді жолдары қарастырылған.

Негізгі сөздер: мақта-тоқыма өндірісі, шитті мақта, дайын өнім, мақта өнімділігі, отандық өндіріс, артаратандыру.

Қазақстанда мақта өндірісі ауыл шаруашылығындағы өсімдік шаруашылығының едәуір дамыған салаларының бірі. Оның даму деңгейіне өндірістің жалпы көлемі ғана емес, сонымен қатар әрбір мақта егуші шаруашылықтың алатын табыс көлемі де тәуелді болады. Шитті-мақта өндірушілердің де, өңдеушілердің де негізгі міндеті шитті-мақта өндірісінің көлемін ұлғайтуға негізделген.

2012 жылдан бастап Қазақстан Ресей және Беларусь Кеден Одағының кеңістігінде мақта-тоқыма өндірісінің шикізаты Қазақстанның оңтүстігі мақта талшығын өсіретін жалғыз аймақ болып саналады.

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы барлық салалар сияқты ауыл шаруашылық саласы шикізаттық емес бағытқа бет бұруда.

Шикізаттық емес секторларды дамыту мақсатында Үкіметке Қуат тиімділігінің кешенді жоспарын жасалып, қазіргі уақытта осы бағытта жұмыстар жүзеге асуда.

Ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі. Аграрлық секторға мемлекет 130 миллиард теңгелік несие ресурстарын бөлуде.

Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, жүз мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады. Бұлардың барлығы сабақтас салаларда ауыл шаруашылық, машина жасауда, химия және тамақ өнеркәсібінде, жемшөп өндірісінде, техника жөндеуде өндірісті ұлғайтуға қозғау салады.

Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі қуат шығындарын азайтуды қамтамасыз ететін тиімді технологияларға негізделуі керек деп атап көрсеткен болатын Елбасы Н. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында [1].

Біріншіден, Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өсіруші шаруашылықтар оны өндіруден үлкен табыс табуға мүмкіндік алса, екіншіден, мақта өңдеуші кәсіпорындар өз зауыттарының өндіріс қуаттылығын толық жұмыспен қамтамасыз ете алады. Ал, бұл өз кезегінде, мақтаның жалпы өнімінің артуы табыс табуға жетелейді.

Шитті-мақтаның шығымдылығын ұлғайту, оның жалпы өнімін әлемдік өнімділікке жеткізу үшін тұқым себу, сүдірге жыртудан басталып, өнім жинаумен аяқталатын ғылымға негізделген агробиологиялық шараларды уақытылы өткізу қажет. Жер өңдеудің дұрыс жүйесі мақтаның ерте әрі толық дер кезінде көктеуіне және өнім шығымдылығының көбеюіне оң әсерін тигізеді. Бірақ, негізгі көктемгі мақта шитін егудің алды жер өңдеу жұмыстары әрбір мақта егуші ауданның жер қыртысы, жердің тұздылығы мен ауа райы жағдайлары ескеріп, жүзеге асыру қажет [2].

Жалпы облыс бойынша пайдалылық деңгейі 2010 жылы 7,9%-ға өскен, ал 2009 жылы 17,7% өскенін көрсетті.

Мақтаның өнімділігін арттыру мен оның сапасын көтеру көптеген факторларға, генетикалық мүмкіншіліктері мол, жаңа отандық сұрыптарды өндіріске енгізу, бәсекеге қабілетті етуде пісіп жетілу мерзімі 121-124 күн, талшықтарының ұзындығы 33,5-34 мм. Пахтаарал-3044, 3031 және М-4005 жаңа сұрыптар Оңтүстік Қазақстан облысында аудандастырылды [3].

Нарықта мақта саласын дамыту, оның тиімділігін көтеру және әлемдік экономикалық қауымдастыққа енгізу үшін, тоқыма және тігін өнеркәсібі дамыған елдермен біріккен кәсіпорындар ашу, жетекші мақта егуші Мақтаарал, Сарыағаш және Отырар аудандарында мақта өндірісінің дамуы негізінде, еркін экономикалық аймақ құру қажеттілігі туындады.

Түркістан ауданында орналасқан «Тұран» шаруа қожалығында 2011 жылы израильдік әдіспен 30 гектар жерге мақта өсірілген. Бұл жерге кеткен шығынның көлемі бұрынғы әдістерге қарағанда 2,5 есе арзанға түсті (1-кесте).

Тамшылатып суару әдісінде, мақта үшін тереңнен сүдіргі салудың қажеті жоқ, себебі сүдіргіні ылғалдылықты сақтау үшін салады, ал бұл әдіс ылғалдылықты үнемі сақтайды, әр талдағы мақта көсегі орта есеппен 18-20 дана, әр гектардан 38-40 центнерден өнім жинады. 2012 жылы бұл шаруашылық 500 га жерге мақтаны осы әдіспен егуді жоспарлаған.

Өңдеуші құрылымдарды басқарудағы жаңа әдістемелерді жүзеге асыруда, мақта өндірісінің өнімділігін арттыруда, израильдік тамшылатып суару әдісті қолданысқа енгізілгеннен кейін 2010 жылға қарағанда 2011 жылы таза пайда 30,4 мың теңгені құраған. Тереңдетіп сүдіргі салу және арам шөп шабығына кететін шығынның көлемі 100% азайған, мақта өнімділігі, мақта танаптарының көлемі артпаса да өнімділік 25 ц/га-дан 40 ц/га артты. Тамшылатып суару қондырғы құнының өтеу мерзімі 1 жыл.

2005 жылы ОҚО шитті-мақтаны тереңдетіп өңдеуде, мақта кластерін дамыту үшін, еркін экономикалық аймақ құрылды. ЕЭА арқылы шетелдік инвестициялар мен жаңа технологияларды көптеп тартуға қолайлы жағдай туындатты, ЕЭА өз жемісін толығымен 2012 жылы береді деп күтілуде. Соңғы 10 жылдың көлемінде ОҚО мақта өндірісінің көлемі, мақта танаптарын ұлғайту негізінде артты. 2007 жылы ОҚО 444 мың т., ал 2008ж. 320,6 мың т., 2011 жылы жалпы 324 мың т. шитті-мақта жиналды.

Кесте 1 – 2011 ж. «Тұран» шаруа қожалығындағы 30 га мақталықты тамшылатып суарудың тиімділігі

№	Агротехнологиялар	2010 ж. Жай әдіс	2011 ж. Тамшылатып суару әдісі	2011ж./2010ж. салыстырғанда %
1	Мақтаны себуге кететін шығын, мың тг.	440	440	-
2	Суаруға жұмсалатын шығын, мың тг.	390	450	13,56
3	Суарудан алынатын субсидия, мың тг.	234	90	38,5
4	Тереңдетіп сүдіргі жасауға кететін шығын, мың тг.	480	-	100
5	Жұмсалатын селитра шығыны, мың тг.	316	158	50
6	Арам шөп шабығына кететін шығын, мың тг.	180	-	100
7	Барлық шығын, мың тг.	2040	1138	9
8	Мақта өнімділігі, ц/га	25	40	62,5
9	Барлық алынатын өнім, мың тонна	75	120	62,5
10	Өнімнің табысы, мың тг.	3750	6000	62,5
10	Мақтаны жинап теруге кететін шығын, мың тг.	750	1200	62,5
11	Алынған таза пайда, мың тг.	1290	3662	35,2
12	Тамшылатып суару қондырғының құны, мың тг.		4500	
13	Тамшылатып суару қондырғының өтеу мерзімі, жыл		1	

Мақта биржалық және валюталық тауар, ішкі нарықтағы бағасы да Ливерпуль Мақта Ассоциациясының конъюнктурасы негізінде белгіленеді. Әлемдік дағдарыстан кейін мақтаның бағасы төмендесе де Қазақстан үшін мақта талшығын экспортқа шығару да, отандық өндірістерде өндеуде тиімді. 2001 жылы мақта талшығының бағасы 1 тонна үшін 950 доллар, ал 2002 жылы 1000 доллар, 2007 жылы 1553 АҚШ доллар, 2011 жылы 1750 долларды құрады. ҚР заңының негізінде мақта өнімінің экспортынан ҚҚС алынбайды [4].

Кластерлік жүйені ОҚО дамытуды көздеген үкімет бірнеше жеңіл өнеркәсіптік кәсіпорындар ашып, өздерінің инвестицияларымен мақта-тоқыма кластерін дамытудың алғашқы іргетасын салды.

Заманауи технологиялармен жабдықталған және әлемдік нарыққа бәсекеге қабілетті өнімдерін ұсына алатын «Ютекс» АҚ, «Қазақ-орыс тоқыма альянсы» ЖШС, «ИНАДА Текстиль» БК өнеркәсіптері тікелей мақта өндеуші кәсіпорындардың қатысумен ашылды. «Корпорация», «НИМЭКС» ЖШС өндіріс орындарының қолдауымен Өскеменде орналасқан жібек өндеуші өндіріс қайта жабдықтау және Алматыдағы «АММК-НИМЭКС» бірігу нәтижесінде мақта-тоқыма бұйымдарын шығарудың жаңа технологиялары игеріліп, Қазақстандық мақта-мата бренді қалыптастырып, жаңа өндіріске бейімделуде [5].

Ресей, Беларусь, Қазақстан Кеден одағының мүмкіндігіне қарай шитті-мақтаны жергілікті жерде өңдеп, тауарды тұтынатын тұтынушылардың саны артқаны, өндірушілер үшін өте тиімді. Тек талапқа сай сапалы өнімді нарыққа ұсыну негізінде, кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыруға барлық күшті жұмылдыру қажет.

Кластерлеу тәжірибесіне сүйенетін болсақ, дер кезінде жүргізілген қаржылық, ғылыми-теориялық қолдаудың нәтижесінде аймақтық және муниципалдық бағыттағы қызметтердің тез дамуына, соның ішінде бәсеке саясаты, кәсіпкерлік ортаның дамуы және инновациялық, инвестициялық және әлеуметтік саясаттың дамып жетілуіне өз үлесін қосады. Кластерлік жүйені енгізу арқылы артта қалған сала мен аймақты дамытуға болады.

Қазіргі ҚР-ның АШ-ында салалық кластерлер республикалық деңгейде қаржыландырылуда. Олар – мақта, астық, сүт, ет, көкөніс пен жеміс-жидек кластерлері. Олардың алғашқы нәтижесі 2008 жылғы нәтижесімен көрсетіліп, экономикалық тиімділік тұрғысынан аймақтарды дамытуда негізгі бағыттардың бірі екені айқындалды.

Кластерлік даму моделі мына принципке негізделген «өте үлкен қосымша құнымен дайын тауарды шығару»

Қазіргі таңда Қазақстанда 7 кластерлік жоба жүзеге асу үстінде.

1. Оңтүстік Қазақстан облысында мақта-тоқыма кластері;
2. Қызылорда облысындағы Арал өңіріндегі балық кластері;
3. Алматыдағы «Алатау IT-City» ақпараттық технологиялар паркі;
4. Степногорсктегі биотехнология даму паркі;
5. Ақтау мен Атырау өңіріндегі мұнай өңдейтін өндірістер кластері;
6. Алматы облысындағы жел энергетикалық станция кластері;
7. Жалпы туризм кластері.

Егер мақтаның 70 %-ын өзімізде өңдеп, оны дайын бұйым деңгейіне жеткізетін болсақ, пайдамыз кемінде 1 млрд. долларға жетер еді. Қазіргі таңда 150-170 млн долларды қанағат етіп отыр.

ҚР-дағы кластерлердің тиімділігін арттыру үшін, ғылыми инновациялық жүйені дамыту, тиімді басқару жүйесін қалыптастыру және ауыл шаруашылығындағы кластерде шоғырланған өндірістерді әртараптандыру.

Қазақстанның мақта саласындағы өндірістерді әртараптандыру және отандық өндірісті жандандыруды оңтайлы шешуде бірнеше кәсіпорындар мамандану бағыттарын өзгертуде.

Кәсіпорындар мақта талшығын экспортқа шығарумен қатар жергілікті жерде өнімдер өндіріп, тұтынушыға ұсынылуда.

Мақта-тоқыма кластерін дамытудың жаңа серпіні отандық өнімдерді шығаратын кәсіпорындардың мамандану бағытын әртараптандыру болып табылады.

Кесте 2 – Қазақстандағы мақта-тоқыма өндірісіндегі кәсіпорындар

№	Экспортка өнім шығаратын кәсіпорындар		Мақта өндірісіндегі отандық өндіріс кәсіпорындары	
	атауы	мамандануы	атауы	мамандануы
1	«НИМЭКС» ЖШС	мақта майы, талшығы және жіп	«Восход» ЖШС	мата, шұлық
2	«Асем» ЖШС	Медициналық дымқыл жұтқыш мақта өндірісі	«Рауан» АҚ	жіп, мата
3	«Қазақстан мақтасы» АҚ	мақта талшығы		мақта талшығы
4	«Шампиев» АҚ	мақта талшығы		
5	Қазақстан-Қытай «ШАБА» БК	мақта талшығы, жіп	«Мирас» АҚ	арнайы киім тігін өндірісі
6	«Ютекс» АҚ	Жіп, мата		мата
7	«Фараб» МЗ	стаматологиялық дымқыл жұтқыш мақта өндірісі	«Тұран» шаруа қожалығы	мақта талшығы жіп, мата
9	«Орыс-қазақ тоқыма альянсы» АҚ	мақта талшығы, жіп өндірісі		жіп, мата
10	«Ақ Алтын» ЖШС	мақта талшығы	«Көкшетау» АҚ	арнайы тігін өндірісі
11	«АММК» ЖШС	мақта талшығы, жіп		жіп, мата
12	Мақтаарал АҚ	мақта талшығы	«Большевичка» АҚ	мата
13	«Ақ жол» ЖШС	жіп, мата		
14	«Контал» АҚ	мата		
17	«Контекс» ЖШС	жіп, мақта талшығы		
18	«Бомпи-Текс» ЖШС	жіп, мақта талшығы		
19	«Энергия» ЖШС	мақта талшығы, жіп		
20	"Хлопкопром целлюлоза" ЖШС	мата, қағаз		

Қазақстандағы мақта саласын халықаралық деңгейде дамыту үшін келесі іс-шаралар, ауқымды жоспарлы негізде атқарылу қажет:

1. Мемлекеттік тұрғыдан мақта өсіруші дикандарды қолдау іс-шараларды дикандардың өздеріне тікелей көрсетілуі және арадағы делдалдық іс-әрекеттер тоқтатылуы қажет.

2. Қабылданған мақта саласын дамыту туралы заңның орындалуын мемлекеттік және жергілікті құзырлы органдар қадағалау қажет.

3. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамытуда, Оңтүстік Қазақстан облысы, еліміздегі негізгі мақта өндіруші аймақтың географиялық-экономикалық және көлік инфрақұрылымының негізі Өзбекстан мен Түрікменстанмен шекаралас болуы, Орта Азиядағы мемлекеттердің бір мақта сататын орталық ашу мүмкіндіктер бар, осы орталықты Оңтүстік Қазақстан аумағынан ашуға, Ақтау портын логистикалық орталыққа айналдыру арқылы, Орта Азиядағы мақта өсіретін мемлекеттердің өнімін Дубай тауар-шикізат биржасындағы ДСС Дубай мақта орталығына шығару мүмкіндігін қарастыруға болады.

ОҚО облысындағы мақта тасымалын ұйымдастыратын логистикалық орталықтар өз жұмыстарын жүзеге асырса, көлік инфрақұрылымының дамыту орталығы Манкент теміржол станциясы қарастырылады.

Тасымалдау логистикасының негізі ретінде НИМЭКС мақта зауытының Манкент станциясындағы мақта қоймасының жұмысын орталықтандырып, халықаралық дәрежеге жеткізуге күш салу қажет.

Кеден одағының жеңілдіктерінің негізінде, мақта-тоқыма өнімдерін шетелдік нарыққа тауар ретінде ұсынуға кеңінен мүмкіндіктерді пайдалану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - №101(24765). - Б. 1-2.
- 2 Азретбергенова Г. Мақта саласындағы маркетинг жүйесін басқару: монография. - Түркістан: «Тұран» баспасы, 2012. - Б. 47-52.
- 3 Үмбетбаев М., Бигараев О., Тагаев А. Мақталық ауыспалы егіс тізбектері - мол өнім кепілі // Жаршы «Бастау». - 2003. - №6. - Б. 37-40.
- 4 «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2007. - №16. - 130-құжат.
- 5 Үмбетбаев И., Батъкаев Ж.Я. Система возделывания Хлопчатника на юге республики Казахстан. - Алматы: «Құшы», 2000. - 201 с.

Резюме

В этой статье рассмотрено развитие кластеров в сельском хозяйстве как ключа конкурентоспособности Казахстана. Для развития текстильно-хлопкового кластера необходима классификация в текстильной отрасли и разработка научного подхода к выращиванию хлопка.

Summary

To this article it is considered developments clusters competitiveness key in agriculture in Kazakhstan. For development of a textile and cotton cluster it is necessary classification in textile branches and development of a scientific approach for cotton growth.

УДК 005.94

МЕЙМАНОВ Б.К.,

к.э.н., НИИ инновационной
экономики при КЭУ

ЭФФЕКТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЕМ И РАЗВИТИЕМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО КАПИТАЛА

Аннотация

Интеллектуальный капитал – новая, более сложная форма капитала, обладающая большим потенциалом социально-экономической активности, имеющая сложную структуру. Величина объективно оцененного интеллектуального капитала – индикатор развития любой национальной экономики.

Ключевые слова: интеллектуальный потенциал, интеллектуальная активность, интеллектуальная собственность, информация, инфраструктурные и рыночные активы.

В современных условиях и на ближайшее будущее капитал в его интеллектуальной форме является единственным фактором производства, развитие которого имеет неограниченный ресурс как по количественным параметрам, так и по качественным.

Интеллектуальный капитал относится к новым, более сложным формам капитала, обладающим большим потенциалом социально-экономической активности, выступающим своего рода индикатором развития любой национальной экономики. Ему присуща более высокая степень развития по сравнению с уже известными функциональными формами капитала, критерием чего является устойчивый уровень экономического развития тех стран, где активно формируется и используется интеллектуальный капитал, где новые знания и высокие технологии служат основой конкурентоспособности товаров, услуг, фирм, всей экономической системы в целом.

Эффективное управление формированием и развитием интеллектуального капитала в масштабах страны возможно только с помощью достаточно крупных стратегических проектов, в которые вовлекаются целые пласты национальной экономики. Выбор оптимальной модели управления данным процессом, задающей для национальной экономики и науки определенное число приоритетных стратегических целей, является для Кыргызстана важнейшей проблемой.

Одна из главных задач управления интеллектуальным капиталом – это оценка нематериальных активов, повышение эффективности интеллектуальной собственности, используемой отечественными предприятиями в хозяйственной деятельности, и моделирование процесса формирования ценностей бизнеса.

Интеллектуальный капитал имеет следующую структуру: интеллектуальный потенциал, интеллектуальная активность, интеллектуальная собственность, информация, инфраструктурные и рыночные активы. Интеллектуальные способности являются наиболее динамичной составляющей интеллектуального капитала. Их следует рассматривать как потенциальные возможности отдельных лиц, которые могут производить те или иные сложные работы и операции. Интеллектуальные способности требуют постоянного развития, тренинга, и потому они менее стабильны и труднее поддаются измерению. На Западе эту составляющую чаще всего не включают в состав человеческого капитала.

Совокупные интеллектуальные способности на уровне корпоративной структуры представляют собой интеллектуальный потенциал, который характеризует возможности развития данной структуры.

Для характеристики понятия «интеллектуальный капитал» можно выделить следующие особенности данной экономической категории в современных условиях:

- интеллектуальный капитал определяет главные тенденции экономического роста;
- формирование интеллектуального капитала требует от самого человека и всего общества значительных и все возрастающих затрат;
- интеллектуальный капитал в виде знаний, навыков, опыта может быть накапливаемым;
- по мере накопления интеллектуального капитала его доходность повышается до определенного предела, ограниченного верхней границей активной трудовой деятельности (активного трудового возраста), а потом резко снижается;
- характер и виды инвестиций в интеллектуальный капитал обусловлены историческими, национальными, культурными особенностями и традициями;
- инвестиции в интеллектуальный капитал должны обеспечивать его обладателю получение более высокого дохода;
- вложения в интеллектуальный капитал дают довольно значительный по объему, длительный по времени и интегральный по характеру экономический и социальный эффект. Чем раньше делаются вложения в человека, тем быстрее они начинают давать отдачу. Но нужно иметь в виду, что более качественные и длительные инвестиции приносят более высокий и более долговременный эффект. Инвестиционный период у интеллектуального капитала значительно длиннее, чем у физического. У последнего он составляет в среднем от 1 года до 5 лет, а у такой формы вложения в интеллект, как образование, инвестиционный период может достигать 12-20 лет, продолжаясь в дальнейшем всю трудовую жизнь;
- интеллектуальный капитал отличается от физического капитала по степени ликвидности. Интеллектуальный капитал не является оборотным активом; только его услуги или отдельные элементы, пригодные для патентования, могут быть куплены или проданы.

Персонифицированные представители капитала и принадлежащие им объекты собственности образуют целостную экономическую систему. В нее входят виды ресурсов, способствующих эффективному функционированию капитала, формирующих условия для его развития. Совокупность данных объектов, выполняющих обусловленные общей целью движения системы функции и подлежащие воспроизводству в целостном виде, является факторами капитала [1].

Среди факторов, определяющих функционирование интеллектуального капитала в рамках конкретной экономической системы, можно выделить:

- рабочую силу;
- нематериальные активы: интеллектуальные способности, интеллектуальный потенциал, информационный ресурс, интеллектуальная собственность;
- финансово-инновационный капитал;
- высокие технологии.

Помимо вышеперечисленных факторов, на структуру интеллектуального капитала, эффективность его воспроизводства оказывает существенное влияние ряд внешних условий: уровень развития информационной среды, наличие современной рыночной инфраструктуры, характер государственной экономической политики, состояние институциональной, правовой, инновационной среды, научно-технические и прочие условия движения капитала.

Для предприятий и организаций сегодня наиболее важными являются следующие принципы: гибкость и адаптивность, открытость и автономность, приоритет децентрализованного управления и горизонтальные связи, преобладание распределенных сетевых структур, ресурсосберегающие технологии, автоматизированное проектирование.

Сегодня уровень экономической активности выше у мелких участников и ниже у крупных структур. Но потенциал экономической активности, напротив, максимален у корпоративных структур и снижается с уменьшением размера уставного капитала. Мелкие и средние предприятия в современных условиях не могут решать кардинальные задачи научно-технического прогресса: не хватает инвестиций, высокопрофессионального персонала, возможностей его регулярно обучать, устойчиво поддерживать наращивание производственного потенциала, четко учитывать системные характеристики всей совокупности субъектов корпорации, обеспечивать эффективность, динамизм воспроизводства всей системы.

Особенности интеллектуального капитала и его роль в системе корпоративных отношений определяются следующими обстоятельствами:

- развитием и широким использованием наукоемких технологий во всех сферах человеческой деятельности;
- преобразованием общественного разделения труда мировой экономической системы, усилением неравномерности;
- качественным преобразованием рабочей силы – выходом на первый план умственных способностей к труду, требующих всеобщности и непрерывности образования;
- превращением обучения из процесса запоминания в процесс творческого осмысления: творческое мышление – креативное мышление;
- расширением границ и глубины познаний, приобретенных в процессе обучения, для общего и отраслевого образования;
- усилением контроля за сбалансированностью потребностей и возможностей общества, созданием стратегических резервов накопления, в том числе в знаниях, науке;
- опережающим развитием природоохранных, экологически безопасных технологий [2].

Современная компания, под которой можно понимать не только промышленную компанию или институционального производителя услуг, но также научно-исследовательские учреждения и другие центры производства знаний, является одним из главных центров притяжения различных форм творческой активности. При этом отмечаемый многими исследователями рост индивидуального предпринимательства, выделение из промышленных компаний отдельных подразделений, становление новых производств и процветание мелкого бизнеса представляют собой лишь отдельную форму внешнего проявления творчества, которым пронизаны внутренние основы корпорации.

Оценка интеллектуального потенциала – сложный и неоднозначный процесс. Он тесным образом связан с переосмыслением возможностей и ограничений применения традиционных экономических оценок, использующих преимущественно финансовые показатели и базирующихся на принципах традиционного бухгалтерского учета.

Интеллектуальный потенциал можно оценивать с помощью как финансовых, так и нефинансовых показателей. Для интегральной финансовой оценки величины интеллектуального потенциала в западной экономической литературе, а также в практике деятельности многих организаций Запада и Востока применяется коэффициент Тобина. Отношение рыночной цены компании к цене замещения ее реальных активов (зданий, сооружений, оборудования и запасов) носит название коэффициента Тобина (по фамилии американского экономиста, впервые исследовавшего данное соотношение). Рыночная цена компании может быть определена на основе данных о капитализации компании, которые основываются на оценках фондового рынка. Однако наиболее достоверно она проявляется лишь в процессе реальной продажи – покупки компании. И если цена компании в несколько раз, а иногда и в десятки раз превосходит цену ее материальных активов, то это означает только одно – ее нематериальные активы – это талант ее персонала, эффективность ее управляющих систем, менеджмента и др. Покупатель, таким образом, приобретает в основном не физические, а нематериальные активы, составляющие главную ценность компании.

Важное значение имеет измерение человеческого потенциала (индивидуальной компетенции), который можно оценить с помощью нефинансовых показателей:

- состав человеческих ресурсов организации и управление ими;
- степень удовлетворенности персонала;
- продажи и добавленная стоимость в расчете на каждого занятого;
- образование управленческого персонала;
- опыт персонала, число лет в рамках данной профессии;
- затраты на обучение в расчете на одного занятого;
- количество рабочих дней в году, потраченных на повышение квалификации работников;
- текучесть персонала.

Возможно учесть нематериальные активы в рамках традиционной бухгалтерской отчетности. Компания, которая работает над их увеличением, может информировать о соответствующих усовершенствованиях своих работников, акционеров, кредиторов и сообщество. И наоборот, если она не пополняет свой запас нематериальных активов и не расширяет потенциальные возможности, отрицательные результаты не замедлят сказаться на доходе компании.

Сегодня активно используется сбалансированная система показателей эффективности, сохраняющая традиционные финансовые параметры, которые отражают исторический аспект уже свершившихся событий. Это, несомненно, важно для предприятий промышленной эпохи, для которых инвестиции в долгосрочные потенциальные возможности и взаимоотношения с клиентами не были определяющими с точки зрения достижения успеха. Причем сбалансированная система показателей дополняет систему финансовых параметров уже свершившегося прошлого системой оценок перспектив. Цели и показатели данной системы формируются в зависимости от мировоззрения и стратегии каждой конкретной компании и рассматривают ее деятельность по четырем критериям: финансовому, взаимоотношениям с клиентами, внутренним бизнес-процессам, а также обучению и развитию персонала.

Система сбалансированных показателей эффективности имеет безусловные преимущества по сравнению с традиционными концепциями, используемыми для комплексной оценки деятельности предприятий, и важность в качестве учетно-аналитического инструмента.

Экономические предпосылки для будущего развития Кыргызстана заложены в ее социально-экономическом потенциале. Это и высокий интеллектуальный потенциал, и творческий уровень населения, исключительная адаптивность как кыргызского общества в целом, так и его субъектов к самым тяжелым условиям жизнедеятельности, и природные ресурсы Кыргызстана. Прогресс любой страны определяется технологическим потенциалом государства. Потенциал включает образовательную, научную, производственную и управленческую составляющие. Только системный подход в управлении этими составляющими позволит Кыргызстану достичь статуса экономического и инновационного лидера.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Тобин Дж. Денежная политика и экономический рост. – М., 2010. – С. 95.
- 2 Фролов Ю.В. Управление знаниями. – М., 2007. – С. 78.

Түйін

Интеллектуалдық капитал – капиталдың жаңа, күрделі формасы, ол әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің үлкен әлеуетіне және күрделі құрылымға ие. Объективті бағаланған интеллектуалды капиталдың көлемі – кез келген ұлттық экономиканың дамуының қозғаушы индикаторы болып табылады.

Summary

An intellectual capital behaves to the new, more difficult forms of capital, by possessing large potential of socio-economic activity, salient the family indicator of development of any national economy. The higher stage of development is inherent him as compared to the already known functional forms of capital, by a criterion what a steady level of economic development of those countries is, where an intellectual capital is actively formed and used, where new knowledge and high-tech serve as basis of competitiveness of commodities, services, firms, all economic system on the whole.

Effective management forming and development of intellectual capital in the scales of country maybe only by means of large enough strategic projects the whole layers of national economy are engaged in that. Choice of optimal case frame by this process, by a questioner the certain number of priority strategic aims for a national economy and science, is for Kyrgyzstan a major problem.

УДК 338:504

САЛИМБАЕВА Р.А.,

к.э.н., и.о. доцента

КазЭУ им. Т. Рыскулова

ЭКОЛОГИЯ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА АЛМАТЫ

Аннотация

Экологические проблемы Алматы являются острейшими, город находится в числе самых загрязненных в мире. Источниками загрязнения являются выбросы от автотранспорта и стационарных объектов. В Алматы, крупном мегаполисе Казахстана, в настоящее время большую актуальность приобрели вопросы организации сбора и вывоза отходов потребления – твердых бытовых отходов на утилизацию или захоронение.

Ключевые слова: устойчивое развитие, природопользование, экология, стационарные источники, загрязнение, автотранспорт, воздушный бассейн, вредные вещества, экологический мониторинг, экологическая программа.

Основной экологической проблемой города Алматы является загрязнение воздушного бассейна.

В воздушный бассейн города от стационарных источников поступает порядка 18 тыс. вредных веществ – эмиссии загрязнения в атмосферу от крупных объектов теплоэнергетического комплекса, от объектов среднего и малого предпринимательства, в том числе, имеющих автономные источники теплоснабжения.

Количество автотранспортных средств неуклонно растет, на сегодняшний день в городе эксплуатируется (с учетом иногороднего транспорта) порядка 570 тыс. единиц легковых и грузовых автомобилей,

автобусов и других видов транспортных средств, большая часть которых со сроком эксплуатации семь и более лет с момента их выпуска. Для сравнения: в 2000 г. в городе было всего 177 000 автомобилей, из них, легковых – 161 000, т.е. за последние 7 лет парк автомашин увеличился в 2 раза, а это значит, что увеличились нагрузки на существующие городские автомагистрали.

Необходимо отметить, что проблема загрязнения атмосферного воздуха автомобильным транспортом остается наиболее важным фактором в ухудшении качества атмосферного воздуха (с учетом иногороднего транспорта выбросы составляют порядка 190 тыс. т вредных веществ в год).

Анализ показывает, что за последние 3 года каждая третья-четвертая автомашина эксплуатируется с превышением норм токсичности и дымности. В основном, это транспортные средства со сроком эксплуатации более семи лет. Департамент совместно с другими госорганами с 15 мая по 15 июня т.г. провели месячник по улучшению воздушного бассейна города. По результатам проверок проверены автобусные парки, обслуживающие городские маршруты. За выявленные нарушения природоохранного законодательства юридические лица и ответственные лица были привлечены к административной ответственности на общую сумму 1 102,92 тыс. тенге.

Ввод в действие с июля 2009 года технического регламента о требованиях к выбросам вредных веществ автотранспортных средств (экологического стандарта ЕВРО-2) способствовал заводу на территорию республики автомобилей более «молодого» возраста, т.е. улучшению их технического состояния. Однако, 70% парка автомобилей, эксплуатирующихся в городе, являются морально и технически устаревшими.

Снижению выбросов от автотранспорта будет также способствовать улучшение качества автомобильного топлива в связи с введением в действие с 1 сентября 2010 года технического регламента «Требования к безопасности бензина, дизельного топлива и мазута», утвержденного Постановлением Правительства РК от 01.03.2010 г. № 153.

Снижение выбросов вредных веществ от стационарных источников будет обеспечиваться посредством:

- внедрения общественного пассажирского транспорта, отвечающего евростандартам, увеличения доли используемого в городе электротранспорта, ускорения строительства метрополитена;
- разработки подзаконного акта к Закону РК «О государственном регулировании производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов», регламентирующего порядок контроля качества нефтепродуктов;
- перевода ТЭЦ – 1 на использование в качестве топлива только природного газа;
- полного обеспечения потребностей города Алматы в природном газе, в т.ч. полной газификации частного сектора и промышленных предприятий;
- внедрения на стационарных источниках более эффективных очистных сооружений;
- внесения изменений в Кодекс РК «Об административных правонарушениях» в соответствии с которыми ужесточить административную ответственность за эксплуатацию автотранспортных средств и других передвижных средств с превышением норм токсичности [1].

Основной проблемой в данном вопросе является тот факт, что уже сегодня ТЭЦ – 1 может полностью перейти на использование природного газа, вопрос заключается в объемах поставки из сопредельных стран.

По данным ДГКП ЦГМ «Казгидромет» за отчетный период уровень загрязнения воздуха $ИЗА_5$ в городе Алматы составил – 9,8, что значительно ниже в сравнении с аналогичным периодом 2010 г. ($ИЗА_5$ – 11,7).

В настоящее время к 5-ти действующим постам наблюдения за загрязнением атмосферного воздуха установлены новые посты – 5 наземных постов автоматизированного наблюдения «СКАТ» в районе мкр. Тастак, на территории Дендропарка, в районе аэропорта, в РУВД Турксибского района и на метеопосту в урочище Медеу, 6 постов высотного наблюдения на зданиях Института горного дела (пр. Абая-ул. Глендиева), КазНТУ (ул. Сатпаева-Масанчи); КазНГУ (ул. Тимирязева-р. Есентай) и др.

Для улучшения качества атмосферного воздуха города департаментом проводится ряд мероприятий. Так совместно с УДП ДВД г. Алматы проводятся на постоянной основе работы по выявлению ав-

тотранспортных средств, эксплуатируемых с превышением норм токсичности, принадлежащих как физическим, так и юридическим лицам, занимающихся грузовыми и пассажирскими перевозками. Также осуществляется экологический контроль транспорта на посту «Медеу» при въезде в природоохранную зону.

«Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңға сәйкес аймақтық бағдарламалар жергілікті жерлерде шағын кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудың негізі болып табылуы қажет. Бұл заңның талаптарына сәйкес кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау елдің қандай да бір аймағының бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық саясатын жүзеге асыру механизмі «Қазақстан - 2030» даму Стратегиясын» іске асыру барысында жүзеге асырылатын мемлекеттік саясаттың негізгі элементтерінің экономиканы реформалаудың негізгі механизмдерімен барынша тығыз байланыста межелеңген шараларды кезең-кезеңімен орындау қарастырылған Бағдарламада қаралған. Бағдарлама шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік және аймақтық деңгейде қолданыстағы құқықтық базаны, қаржы-несие механизмдерін, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету жүйелерін, аудандық және қалалық бағдарламалар шараларымен тығыз байланыста инфрақұрылым объектілерін шешу бағдарламаларын пайдалану арқылы қорғау мен қолдауға бағытталған. Мемлекет кәсіпкерлік қызметтің құқықтық аспектілерін айқындай отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бақылау нысандарын белгілейді. Мемлекеттік реттеу және бақылау біртұтас саясаттың тиімді элементтері болуы қажет [1].

Қандай мемлекет болмасын өзінің қызмет еткен уақыты аралығында ұлттық экономика, әсіресе, өнеркәсіптік өндірістің дамуын ынталандырушы экономикалық жағдайдың қалыптасуына көп көңіл

бөледі. Бұл мақсат Салық және Кеден кодексін, ҚР «Инвестициялар туралы» Заңын, республиканың индустриялық-инновациялық даму стратегиясына ұсыныстарды дайындау процесінде жүзеге асырылды.

2009 жылғы бюджет профициті үлкен тәуекелдерсіз салықтық амортизациялық саясатты реформалауға мүмкіндік береді. Сондықтан салықтық амортизациялық саясатты өзгертуді осы қазірден жүргізе беру қажет. Басқаша жағдайда индустриялық-инновациялық даму стратегиясының орындалмау қаупі туындайды.

Барлық жоғарыда аталған шаралар кәсіпкер кәсіпкерлік қызметін бастаған уақыттан бастап мемлекетпен өзара қатынасын адал жүргізсе, екі жақ та оң нәтижеге қол жеткізеді:

1) мемлекет ешқандай қосымша шығындарсыз-ақ мүлікті жария ету мәселесін шешеді, себебі өзінің салықтық реттеудің жанама әдістерімен негізгі қорларды жаңғырту мен толтыруды ынталандыра алады;

2) экономикалық теория және кәсіпкерлік тәжірибесі көрсеткендей, технологиялық жабдықтар мен машиналарды сапалы түрде пайдалану экономиканың нақты секторына «мультипликативті» ықпал етеді;

3) кәсіпкер салық жеңілдіктерін пайдалануды растау мақсатында тіркелген активтердің нысаналы мақсатта қолданылуын бухгалтерлік және салықтық есепте көрсетілуіне мүдделі.

Жеке кәсіпкерлермен арнаулы салық режимін қолданудағы өзекті мәселелердің бірі болып, біздің ойымызша, кәсіпкерлермен патент негізінде салықты есептеу мен төлеу үшін қолдану туралы шешім қабылдаған кәсіпкерлермен патент алу сәтіне зейнетақы аударымдарын төлеу қажеттігі табылады.

1999 жылдың 15 наурызындағы ҚР Үкіметінің №245 қаулысымен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару тәртібі бекітілген. 3 және 3-1 пункттеріне сәйкес патент негізінде арнаулы салық режимін қолданушы жеке кәсіпкерлер патент құнын төлеу үшін Салық кодексінде қаралған мерзімде өзінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын есептейді және төлейді. Басқаша айтқанда, патент алу үшін патент алу кезінде жеке кәсіпкермен мәлімделген кірістен 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарнасын және патент құнын төлеуі тиіс. Сонымен кірісін мәлімдеген жеке кәсіпкер, мысалы, 400 мың теңге мөлшерінде патент алу үшін тең үлеспен әлеуметтік және жеке табыс салығы түрінде 12 мың теңге және 40 мың теңге міндетті зейнетақы жарнасын төлеуге тиіс. Қазіргі заң талаптарына сәйкес бұл сомаларды төлемей, патент берілмейді. Көріп отырғандай, міндетті зейнетақы жарнасы патент құнынан үш есе көбірек және бұл сома жеке кәсіпкер әлі алмаған табыстың айтарлықтай бөлігін құрайды [2].

Біздің ойымызша, патент алу үшін міндетті түрде жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар сомасындағы қаражат жаңа кәсібін бастап жатқан әрбір кәсіпкерде бола бермейді. Бұл мәселенің шешімі болып өз кәсіпкерлік қызметінде патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлермен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тәртібін өзгерту табылар еді. Мысалы, жеке кәсіпкермен мәлімделген кірістің 3% мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарналарының бір бөлігі патент алған кезде, ал қалған 7%-ы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан нақты алынған табыстан төленген болар еді.

Бюджетпен есеп айырысудың жеңілдетілген жүйесін қолданудан бас тартпай, онымен бір мезгілде ҚР заңдылығы практикада шағын бизнеске бірқатар артықшылықтар беруде. Шағын кәсіпкерліктің өсуіне қарай, мемлекет салық жүйесінің бейтараптылық принципінің сақталуын қолдайды және капиталға, табысқа және мүлікке салық салуға үлкен мән берілетін орта бизнес объектілеріне салық салу тәртібін жетілдіреді.

Мемлекеттің экономикалық саясатының бір аясы салық саясаты болып табылады. Салық салу аясында мемлекет экономикалық мәселелерді өзінің міндеттері және өзін ұстау жөніндегі мәселелерді ғана әзірлеумен айналысып қоймай, сонымен қатар өте ауқымды әлеуметтік және саясат тұрғысындағы мәселелерді шешуге атсалысатын саясатты да жүргізеді.

Бұл жөнінде Елбасымыз Н. Назарбаев экономиканы дамыту үшін «...таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканы нақты секторына, оны сауықтыруға, фискальды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа аударамыз», деген болатын. Салық саясатының

қағидалары мемлекеттің жалпы экономикалық бағдарламасына негізделеді және онымен өте тығыз байланысты болады. Экономикалық бағдарламаны әзірлеу ісі салық саясатының алға қоятын талаптарын, оның принциптерін ескере отырып жүзеге асырылады. Салық саясатының ықпал ету аясы өте ауқымды, оның реттейтін қатынастары әралуан болғандықтан оны тек қаржылар аясына жатқызуға болады деген көзқарас дұрыс емес [3].

Мемлекеттің салық салу құзыретін шектеудің тағы бір қажеттілігі – мемлекет салықтық міндеттемелердің атқарылуын бақылай отырып коммерциялық құпияларды біліп, оларды өз пайдасына пайдалануына немесе төлеушіге жаңағы коммерциялық құпияны дұрыс сақтай алмаған жағдайда зиян-залал келтіруіне тосқауыл қою.

Салық жүйесінің құрамына мемлекетте алынатын барлық салықтар, салықтық қатынастар мен оларды реттейтін құқықтық нормалар, салық төлеушілер мен салық қызметі органдарының құқықтары мен міндеттері және т. б. кіреді. Салықтарды қоғам өмірінің әртүрлі аяларын мемлекеттік реттеудің құралы ретінде қарайтын тұжырымдама бар. Салық саясатының негізгі міндеттерінде бірінші кезекте қандай да болмасын өндіріс, сала, аумақ және т.б. дамытуға жағдай жасау қарастырылады [4].

Ал салық ствкалары мен салық жеңілдіктері жөніндегі мәселелерді оларды реттеу құралы ретінде пайдаланатын атқару-жарлық беру билігі органдары айқындайды.

Салық саясатында мынадай маңызды мәселелердің де көрініс табуы қажет:

- салық төлеушілерді жаңа салықтардың енгізілгені жөнінде міндетті түрде хабардар ету;
- салықтарды төлеу-аудару жөніндегі сауалдарға кеңес беру;
- салық міндеттемелерін атқаруды ерікті түрде атқару әдістерімен және салық санкцияларын пайдалану арқылы мәжбүр ету түрінде төлеуді қамтамасыз ету.

Сонымен салық саясаты мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін және қоғам өмірі аяларының экономикалық өсуін қамтамасыз ететін, мемлекет белгілеген салық режимі болып табылады.

Еліміздің Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз қазынаны сақтап, оны көбейтпесек және салықтарды толық көлемінде жинамасақ, ешқандай қалыпты және күшті мемлекет болмақ емеспіз» - делінген.

Нарықтық қатынастарды дамытуда мемлекеттің ықпалын реттейтін негізгі құрал ретінде салықтардың үлкен маңызын теориялық талдау мен элементтік практика көрсетті. Бұл элеуметтік әділеттілікті қолдау және серіктестіктің экономиканы тұрақтандыруда жүргізіп жатқан реформаларының тиімділігін қамтамасыз ететін басты элемент болып табылады.

Тағы бір ескеретін жәйт, салық саласында салықтық төлемдерге қатысты айтарлықтай жеңілдетулер берілуде. Атап айтсақ, 2008-2009 жылдары жылдан ҚҚС ставкасын 1 пайызға, ал тағы 1-2 пайызға төмендету қарастырылуда. 2008 жылдан бастап әлеуметтік салықты орташа 30 пайызға төмендету көзделуде, сондай-ақ 2007 жылдан барлық жеке тұлғалар үшін жеке табыс салығын 10 пайыздық тіркелген ставка енгізілді. Жалақысы төмен қызметкерлер санатына табыс деңгейін сақтау мақсатында салық салынатын табыс сомасынан айлық есептік көрсеткіштің орнына ең төменгі жалақы шегерілсе, 2007 жылдың 1 қаңтарынан шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық салудың азайтылған бірыңғай ставкасы енгізілді.

Сондай-ақ ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында (2006 жылға) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық салудың азайтылған бірыңғай ставкасы енгізілді.

Қорытындылай келе, ұйымда бюджетпен есеп айырысу есебін жетілдіруде мынадай ұсыныстар қарастырсақ:

Нарықтық қатынасқа көшу кезінде салықтардың ел экономикасының дамуына ықпал ететін басты қару ретінде маңыздылығы айқын. Бүгін басқару органдарын қаржыландыратын түрлі табыс көздерінің ішінде алдыңғы қатарлы салықтар, әсіресе қосылған құн салығы алады.

Республиканың салық жүйесін, оның ішінде қосылған құнға салық салу жүйесін басқа қаржы жүйелерімен қатар жетілдіруді қажет етеді. Түрлі жеңілдіктерді пайдаланушылардың салықтан босату-

ды талап етуі көбейгеніне және қосылған құнға салынатын салықты жинаудың қиындығына қарамастан, олардың соңғы жылдары бюджеттің кірісіндегі ролі барған сайын кеміп келеді.

Бұл проблемамен байланысты екінші бір проблема – бюджетке төлем дерді анықтау кезіндегі есепке алуға жатқызылатын ҚҚС бойынша. Қазақстанда бұл күннен-күнге өсіп келе жатқан өзекті мәселе. Салық кодексінде ғимараттар мен инвестицияланатын басқа да тауарларға осы салық сомасын есепке алуды шектейтін норма енгізілген болатын. Бұл жағдайда тек қосылған құн ғана емес, жалпы барлық сомаға салық салынады. Сонда бұл салықтың мөлшері әртүрлі капиталдық тауарлар өндірісінің күрделі қаржы сыйымдылығына тәуелді болады, яғни өзінің экономикалық бейтараптылығын жоғалтады және капиталға салынатын салыққа айналады. Бұл өз кезегінде бір жағынан тұтынушылық таңдауды бұрмаласа, екінші жағынан экспорттық қызметті ынталандыруға кедергі келтіреді.

Бухгалтерлік есепке алу мен салықтық есеп беру жүйесін дамыту елдің экономикалық жағдайындағы өзгерістермен тығыз өзара байланыста және шаруашылық тетіктің даму сипаты мен деңгейіне жауап беруі тиіс.

Бухгалтерлік есепке алу мен салықтық есеп беру жүйесін одан әрі дамытуды ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен салықтық есептілікте қалыптастырылатын ақпараттың сапасын, ашықтығын және салыстырмалылығын арттыру мақсатында мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асыру қажет:

- бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептіліктің аудитін ұйымдастырумен және жүргізумен айналысатын мамандарды даярлау даярлау;
- халықаралық тәжірибенің негізінде бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді реттеу жүйесін өзгерту;
- бухгалтерлік есепке алу мен аудитті дамытудың халықаралық процесіне қатысу.
- ҚҚС бойынша салық ауыртпалығын кезең-кезең бойынша оның ставкасын 12-ден 10 %-ке дейін төмендету қажет. Бұл тұтыну құрылымын сатып алушылық сұранысты жоғарылату бағытына және ол арқылы өндіріс құрылымын осы сұранысты қанағаттандыру бағытына өзгертуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы «Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 2000-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы [Электрондық ресурс] // www.zakon.kz/*
- 2 *Қазақстан Республикасының Кодексі. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). (2011.24.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен [Электрондық ресурс] // www.zan.zhastar.kz/files/Nalogovii_kodex_kz.doc*
- 3 *Крамаренко Т.Н., Қомбарова А. Салық және салық салу: оқулық. -Астана: Фолиант, 2007. - Б. 25-28.*
- 4 *Тлеужанова. Бюджетаралық қатынастардың тұжырымдамалық негіздерін реттеуші салықтар көмегімен оңтайландыру // Қаржы-Қаражат. -2003. - №3. - Б. 46-48.*

Резюме

Рассматриваются вопросы стратегии и направления совершенствования учета расчетов с бюджетом по налогам.

Summary

The questions of strategy and direction to improve the budget calculations accounting for taxes.

ОӘЖ 334.012; 334.7

АБИЕВА С.Н.,

Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

«Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМИ – ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТИЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДА САЛЫҚ САЛУДЫҢ ТИІМДІ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Аннотация

Мақалада арнаулы салық режимдерін шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдаудың бір түрі ретінде қарастырылады. Арнаулы салық режимін қолданатын шағын және орта бизнес субъектілері, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге қолдану ерекшеліктері мен тәртібі, есептеу әдістері баяндалады.

Негізгі сөздер: *арнаулы салық режимдері, шағын және орта бизнес, салық, патент, оңайлатылған декларация, шаруа қожалықтары, заңды тұлғалар.*

Қазір кезде шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдері қарастырылған. Шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы және өндіріс салалары Қазақстанның рыноктық жағдайдағы экономикасы үшін өзекті болып табылады. Сондықтан, шаруашылық субъектілеріне тиімді, қарапайым және мақсатты салық жүйесін құру бірінші кезектегі қаржылық міндет болып табылады. Осы мақсатта Салық кодексімен шағын бизнес субъектілері, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін арнаулы салық режимдері белгіленді.

Арнаулы салық режимі - бұл салық төлеушілердің кей категорияларына салықтың жеке түрлерін есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібімен жүргізілетін бюджетпен есеп айырысудың ерекше түрі немесе, арнаулы салық режимі - Салық кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы.

- Арнаулы салық режимін қолданушылар;
- Шағын бизнес субъектілеріне;
- Шаруа қожалықтарына;
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға;
- Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне.

Шағын бизнес субъектілері әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі салықты есептеудің оңайлатылған тәртібі: патент, оңайлатылған декларация негізінде жүзеге асырылады.

Салықты есептеудің оңайлатылған тәртібі салық салу объектісіне белгіленген ставканы қолдану жолымен жүргізіледі. Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін тапсырудың мынадай тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы: жалпыға бірдей белгіленген тәртіп, патент негізіндегі арнаулы салық режимі, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі [1].

Арнаулы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын шағын бизнес субъектілері үшін салық кезеңі ішінде қосылған құн салығының сомасы табысқа қосылмайды.

Арнаулы салық режимін төмендегі қызмет түрлерін жүргізетін заңды және жеке тұлғалар қолдана алмайды: акцизделетін өнімді өндіретін; консультациялық, қаржы, бухгалтерлік қызмет көрсететін;

мұнай өнімдерін өткізетін; шыны ыдыстарды жинайтын және қабылдайтын; жер қойнауын пайдаланатын; лицензияланатын, төмендегі аталған қызмет түрлерін.

Арнаулы салық режимінің бір түрі - патент. Патент - бұл арнаулы салық режимінің қолдану құқығын куәландыратын және бюджетке салық сомасының төлегендігін растайтын құжат. Бюджетпен есеп айырысудың мұндай түрі бизнес тұрақты сипатта болатын жеке кәсіпкер үшін қарастырылған.

Бюджетпен есеп айырысудың патент нысаны кәсіпкерлігі тұрақты сипаттағы жеке кәсіпкерлерге арналған. Патентті қолдану құқығын алу үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері мынадай қажетті өлшемдерге жауап беруі тиіс:

- жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбау,
- жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асырмау (заңды тұлғалар қолдана алмайды),
- салық кезеңіндегі табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 200 еселенген мөлшерінен аспайтын дара кәсіпкерлер. Есеп айырысудың мұндай нысаны кішігірім айналымы бар бастаушы жеке кәсіпкерлерге ыңғайлы.

Мысалы: өз кәсібімен дербес айналысатын аяқ киім жөндейтін шеберінің орташа айлық табысы 30 мың теңгені, яғни орташа есеппен жылына 360 мың теңгені ($30 \text{ мың теңге} \times 12 \text{ ай} = 360 \text{ мың теңге}$) құраса, осы режимді қолдана алады.

Жеке кәсіпкер патент алу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жері бойынша салық органына болжалданылатын табысын көрсете отырып, өтініш және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті табыс етеді. Патенттің құнын есептеуді жеке кәсіпкер мәлімделген кірістің 2 проценті мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен жүзеге асырады. Патенттің құны бюджетке жеке табыс және әлеуметтік салықтар түрінде бірдей үлестермен төленеді. Патенттің құны бюджетке мынадай түрде: жеке табыс салығы - патент құнының $1/4$ бөлігі мөлшерінде; әлеуметтік салық - Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі патент құнының $1/4$ бөлігі мөлшерінде төленуге тиіс. Патенттің құнына кірмеген басқа салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептеледі және төленеді (оның үстіне, кәсіпкер ҚҚС төлемейді).

Мысал: Жеке кәсіпкердің болжамданылатын табысы 70,0 мың теңге болса, патент құны 1400 теңгені ($70,0 \text{ мың теңге} \times 2\%$) құрайды. Патент құны жеке табыс салығына (700 теңге) және әлеуметтік салыққа бөлінеді (700 теңге) тең бөлініп бюджетке аударылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі бюджетпен есеп айырысудың негізгі нысаны болып табылады. Бұл нысан жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін қолданатын кәсіпкерлерге арналған. Салық салудың осындай режиміне тоқсан басталғанға дейін көшу үшін салық төлеуші өз қызметін жүзеге асыратын жері бойынша салық органына белгіленген нысанда өтініш беруі керек.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі салық міндеттемелерін есептеу нақты алынған табыс бойынша тоқсан аяқталғанда жүргізіледі және оңайлатылған декларация негізінде есептелетін салықтар шығындары есепке алынбай, бірыңғай ставка бойынша есептеледі. Яғни кезінде корпорациялық немесе жеке табыс және әлеуметтік салықтарды есептеу үшін шығындарды есепке алудың қажеті жоқ.

Жаңадан құрылған заңды тұлғалар оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануға өтініш заңды тұлға мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына береді.

Оңайлатылған салық режимінде мынадай шарттарға сай келетін шағын бизнес субъектілері жұмыс істей алады:

1) дара кәсіпкерлер үшін: дара кәсіпкерлердің өзін қосалғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса; салық кезеңі ішінде шекті табысы 10 000,0 мың теңгені құраса;

2) заңды тұлғалар үшін: қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса; салық кезеңі ішінде шекті табысы 25 000,0 мың теңгені құраса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салық төлеуші, орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңі басталғанға дейін салықтық өтінішті табыс етеді.

Қайтадан құрылған заңды тұлғалар оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға арналған салықтық өтінішті салық органына заңды тұлға әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін жиырма жұмыс күніне кешіктірмей табыс етеді.

Қайта құрылған дара кәсіпкерлер оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға арналған салықтық өтінішті дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей табыс етеді. Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелген күні аталған салық төлеушілер үшін арнаулы салық режимін қолдануды бастау күні болып табылады.

Салықтарды оңайлатылған декларация негізінде есептеуді, салық салу объектісінің есепті салық кезеңінде 3 процент мөлшеріндегі ставканы қолдану арқылы дербес жүргізеді. Егер де жеке кәсіпкердің тоқсандық табысы 2000,0 мың теңге болса, салықтың 3% ставкасын қолдану арқылы төмендегідей есеп қолданамыз; табысы 2000,0 мың теңгеден 3% есебінде салық болады 60,0 мың теңге, мұндай жағдайда ол 60,0 мың теңгені, оның ішінде жеке табыс салығы - 30,0 мың теңге, әлеуметтік салық түрінде - 30,0 мың теңге тең бөліп бюджетке төленуі керек.

Егер есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызметкерлердің орташа айлық жалақысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының, дара кәсіпкерлерде кемінде 2 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 2,5 еселенген мөлшерін құраса, салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасы қызметкерлердің орташа тізімдік санын негізге ала отырып, әрбір қызметкер үшін салық сомасының 1,5 проценті мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге жатады.

Оңайлатылған декларация салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірілмей табыс етіледі.

Оңайлатылған декларация бойынша есептелген салықтарды бюджетке төлеу жеке корпорациялық табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей жүргізіледі.

Салықтардың есептелген сомасы екіге теңдей бөлінеді және бюджетке корпорациялық жеке табыс және әлеуметтік табыс түрінде төленеді. Салық кодексінде сондай-ақ салық кезеңінде табыс пен санының шектік мөлшері асып кеткенде салықтарды есептеудің тәртібін реттейтін нормалар салынған. Мәселен, табысы мен саны бойынша өлшемдерге сай келмеген жағдайда кәсіпкер есептік тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшеді деп белгіленген. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануды тоқтату салықтық өтініштің салық органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Егер салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануды өз еркімен тоқтату туралы шешім қабылдаса, аталған режимді тоқтатуды салық органы салықтық өтініш берілген айдан кейінгі айдан бастап жүргізеді. Белгіленген шарттарға сай келмеген жағдайда, салықтық өтініш сәйкессіздік туындаған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде табыс етіледі. Аталған жағдайда арнаулы салық режимін тоқтату сәйкессіздік туындағаннан айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі.

Салық органы салық төлеушінің осы режимді қолдану шарттарына сәйкессіздік фактісін анықтаған кезде, қабылданған шешім негізінде оны сәйкессіздік туындаған айдан кейінгі айдан бастап жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауыстыру туралы салық төлеушіні хабардар етеді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде, әлеуметтік салық сомасы нөлге тең болады. Оңайлатылған декларацияда төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі [2].

Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік аударымдар сомаларын төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын аудару есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірілмей жүргізіледі.

Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың айырықша тәртібін көздейді және акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату және оны өткізу жөніндегі шаруа қожалықтары қызметіне қолданылады.

Шаруа қожалықтары осы арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

Шаруа қожалықтары арнаулы салық режимін 20 ақпанға дейін таңдау керек, таңдап алынған арнаулы салық режимі салық кезеңі ішінде өзгертуге жатпайды. 20 ақпаннан кейін құрылған шаруа қожалықтары Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алған күні АСР қолдану құқығына өтініш береді. Шаруа қожалықтары салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін төлемейді:

- Қызметтен түскен шаруа қожалықтарының табысынан ЖТС
- Қосылған құн салығы
- Жер салығы
- Көлік құралдарына салынатын салық
- Мүлік салығын.

Жер учаскесін бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін негіз болып табылады. Жер учаскесін айқындау ҚР жер заңдарына белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскесін бағалау құнына 0,1% ставканы қолдану жолымен жүргізіледі. Бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскесі орналасқан жер бойынша тиісті бюджетке екі мерзімде:

Ағымдағы төлем ағымдағы салық кезеңінің 20 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде, жалпы сомасының 2 бөлігінен кем емес мөлшерде төленеді;

Бірыңғай жер салығы бойынша түпкілікті есеп айырысу есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

20 қазаннан кейін құрылған бірыңғай жер салығын төлеушілер есепті жылдан кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ағымдағы есепті кезең үшін төлеуге тиісті жалпы салық сомасын енгізеді.

Шаруа қожалығы жер учаскесін басқа шаруа қожалығына жалға берген кезде тараптардың әрқайсысы осындай жер учаскесі бойынша бірыңғай жер салығын жалға беру шартында көрсетілген жер учаскесінің нақты пайдаланылу кезеңін негізге ала отырып есептейді және төлейді [1].

Жер учаскесін жалға беруден алынған табыс бойынша шаруа қожалығы салықты жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді. Бұл орайда осындай жер учаскесі бойынша бірыңғай жер салығының төленген сомасы салық салынатын табыс айқындалған кезде шегерілуге тиіс.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер жыл сайын ағымдағы салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде жер учаскелері орналасқан жердегі салық органдарына өткен салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация тапсырады.

Бірыңғай жер салығын төлеуші осы арнаулы салық режимін қолданған бірінші жылдың 15 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжаттарды: ағымдағы кезеңі үшін бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін; нотариат немесе селолық атқарушы органдар куәландырған жер пайдалануға құқық беретін құжаттардың көшірмелері; жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген жер учаскесін бағалау құнын анықтайтын актінің нотариат немесе селолық атқарушы органдар куәландырған көшірмесін; әлеуметтік салық сомаларын есептеу үшін қажетті деректерді міндетті түрде көрсете отырып, қызметкерлерді алдағы салық кезеңінде жалдау туралы мәліметтер табыс етеді.

Таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде бірыңғай жер салығын төлеуші қызметті тоқтату немесе қайта ұйымдастыру туралы өтінішті салық органына бергеннен кейін 15 күн мерзімде өткен салық кезеңі үшін декларация тапсыруға міндетті.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер шаруа қожалығының басшысы және мүшелерін қоса алғанда, әрбір қызметкер үшін АЕК-тің 20%-дық ставкасы бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады. (мысалы 2012жыл бойынша 1қызметкерге 1618тг(1АЕК)*20%=323,6тг әлеуметтік салық)

Әлеуметтік салықтың есептелген сомасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылуы тиіс. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең, Төлем көзінен ұсталатын ЖТС есептеу жалпыға белгіленген тәртіп арқылы есептелінеді және жүреді. ЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын есептеу ҚР зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Төлем көзінен ұсталатын ЖТС-ның, әлеуметтік салықтың, ЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемнің және жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептелген сомасын төлеу үшін көзделген мерзімдерде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Ағымдағы салық кезеңінің 20 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қаңтардан 1 қазанға дейінгі кезең үшін есептелген сома төленеді.

Есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қазаннан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін есептелген сома төленеді. Төлем көзінен ұсталатын әлеуметтік салық пен ЖТС төлеу жер учаскесі орналасқан жер бойынша жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығы бойынша декларация табыс ету үшін белгіленген мерзімдерде:

Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есепті;

ЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі есептілік;

Жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы бойынша декларацияны, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша есепті табыс етеді.

Жер учаскесін бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады.

Егістік бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына жер учаскелерінің жиынтық ауданын негізге ала отырып, мынадай ставкаларды қолдану жолымен жүргізіледі:

Кесте 1 – Бірыңғай жер салығын есептеуде қолданылатын ставкалар

Рет №	Жер учаскелерінің алаңы (гектар)	Салық ставкасы
1.	500-ге дейін	0,1%
2.	501-ден 1000-ға дейін қоса алғанда	500 гектардан бағалау құнының 0,1% + 500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,2%
3.	1000-нан 1500-ге дейін қоса алғанда	1000 гектардан бағалау құнының 0,2% + 1000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,3%
4.	1501-ден 3000-ға дейін қоса алғанда	1500 гектардан бағалау құнының 0,3% + 1500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,4%
5.	3000-нан жоғары	3000 гектардан бағалау құнының 0,4% + 3000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,5%
Ескерту: [1] дереккөзі негізінде автор құрастырған.		

Жайлаулар, табиғи шабындықтар және арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнының 0,1 ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Шаруа немесе фермер қожалықтары жер пайдалану құқығындағы бірыңғай жер салығын жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін есептейді.

Жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін жер учаскесін бағалаудың құны жер учаскесін бағалаудың құнын он екіге бөлу және жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі айларының санына көбейту арқылы айқындалады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары жер учаскесін басқа шаруа немесе фермер қожалығына жалға берген кезде тараптардың әрқайсысы бірыңғай жер салығын жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін есептейді.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы мен кәметке толған мүшелері үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және әлеуметтік салықты есептеу жүргізілетін айдың бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 20 процент ставкасы бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады.

Әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде, әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең болады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін, әлеуметтік аударымдарды төлеу және міндетті зейнетақы жарналарын аудару мерзімдері төмендегідей: әлеуметтік салықты және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі бойынша, шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың айрықша тәртібін көздейді. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру шаруашылық өнімдерін ұқсату және сату жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату және оны өткізу жөніндегі шаруа қожалықтары қызметіне қолданылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері Салық кодексінде белгіленген арнаулы салық режимін немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі корпорациялық табыс салығын, қосылған құн салығын, әлеуметтік салықты, жер салығын, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді, мүлік салығын, көлік құралдары салығын есептеудің ерекше тәртібін көздейді.

Арнаулы салық режимі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалардың; жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өзі өндірген осы өнімді қайта өңдеу және өткізу; толық кезеңді (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (оның ішінде, асыл тұқымды), ара шаруашылығының өнімдерін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген осы өнімдерді қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметіне; селолық тұтыну кооперативтерінің; шаруа немесе фермер қожалықтары - осы кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу; шаруа немесе фермер қожалықтары - осы кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және осы өнімдерді қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдерді өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Арнаулы салық режимі салық төлеушілердің акцизделетін өнімді өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметіне қолданылмайды.

Салық төлеушілер осы арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде, кірістер мен шығыстардың, мүліктің есеп-қисабын бөлек жүргізуге және осы Кодексте белгіленген тәртіппен аталған қызмет түрлері бойынша тиісті салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді және төлеуді жүргізуге міндетті.

Корпорациялық табыс салығын, қосылған құн салығын, әлеуметтік салықты, жер салығын, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны, мүлік салығын, көлік құралдары салығын есептеуге арналған салық кезеңі салық кодексіне сәйкес айқындалады. Қолдану шарттары: салық төлеуші арнаулы салық режимін қолдану үшін орналасқан жері бойынша салық органына салық өтінішін табыс етеді. Аталған мерзімде салықтық өтінішті табыс етпеуі, салық төлеушінің бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға келісімі болып есептеледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар салықтық өтінішпен бір мезгілде нотариат куәландырған немесе селолық (кенттік) атқарушы органдар куәландырған жер учаскелеріне құқық белгілеу, сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін табыс етіледі.

Осы арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан кейін жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда арнаулы салық режимін қолдану құқығына салықтық өтінішті салық органына осы жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде табыс етеді.

Жекелеген салық түрлерін және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу ерекшеліктері, жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептелген корпорациялық табыс салығының, қосылған құн салығының, әлеуметтік салықтың, жер салығының, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының, мүлік салығының, көлік құралдары салығының сомалары 70 процентке азайтылуға жеңілдіктермен азайтып төлейді [3].

Көзделген корпорациялық табыс салығының сомасын азайту Салық кодексіне сәйкес айқындалатын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын есептеу кезінде де қолданылады. Көрсетілген салықтар мен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны төлеу және олар бойынша салық есептілігін табыс ету жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Кодексі. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). (2011.24.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен [Электрондық ресурсы] // www.zan.zhastar.kz/files/Nalogovnikodexkz.doc
- 2 Құланбай Ә. Н. Шағын бизнес иелері текке шырылдамайды // Егемен Қазақстан. - 2010. - №12. - 3-4 б.
- 3 Құлтыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В. Д. Қаржы: оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 784 б.

Резюме

В этой статье рассматривается механизм функционирования специальных налоговых режимов в Казахстане, а также влияние специальных налоговых режимов на малый и средний бизнес.

Summary

Thus article discusses the mechanism of functioning of special tax regimes in Kazakhstan, as well as the influence of special tax regimes for small and medium businesses.

ОӘЖ 338

АБИТОВА А.К.,

Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

«Бухгалтерлік есеп» кафедрасының аға оқытушысы

КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК ТАУАРЛАРДЫ САТУДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ТАУАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Сауда саласы кез келген өндірістік тізбектің түпкілікті буыны болып табылады. Тауарлар нарығы - бұл сатып алушының (сатушының) мүлкіне байланысты анықталатын тауарлардың айналыс сферасы. Тауарайналымы - бұл тауар айналысы, олардың өндірушіден тұтынушыға жылжыту үрдісі. Көтерме сауда - тауар айналысының алғашқы сатысы; өндіруші кәсіпорындардың тау-

арларды, өндіріс құралдарын, ірі топтамалармен сатуын қамтитын ішкі сауданың құрамдас бөлігі; тікелей өндірісте тұтынатын немесе бөлшек саудаға түсіретін тауарлардың ірі топтамаларымен сауда жасау. Бөлшек сауда - түпкі тұтынушының жеке қолдануы үшін тауарды сату мен қызмет көрсету жөніндегі іс-әрекет. Бөлшек сауда өнімді тұтынушыға жеткізу процесін аяқтайды.

Негізгі сөздер: сауда, тауарлар нарығы, тауар айналымы, көтерме сауда, бөлшек сауда, шағын көтерме, ассортимент, тұтынушылар.

Қазақстан Республикасында сауданы дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде, Қазақстан Республикасының сауда саласын орнықты дамыту мен оның бәсекеге қабілеттігін жоғарылату үшін жүйелік және институционалдық негізін жасау мақсатында әзірленген.

Сауда саласы кез келген өндірістік тізбектің түпкілікті буыны болып табылады. Сауда инфрақұрылымының ауқымы мен сан алуандығына, сондай-ақ олардың даму деңгейіне олар арқылы республикада өндірілетін және оның аумағына әкелінетін тауарлар өз тұтынушысына жететін оның тиімділігі, көлемі мен жылдамдығы байланысты болады. Осылайша саланы сапалы дамытуды ынталандыра отырып, мемлекет әр түрлі салалардың тауарларын жылжыту үшін қажетті жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

Тауарлар нарығы - бұл сатып алушының (сатушының) мүлігіне байланысты анықталатын тауарлардың айналыс сферасы.

Тауар айналымы - бұл тауар айналысы, олардың өндірушіден тұтынушыға жылжыту үрдісі

Көтерме сауда - тауар айналысының алғашқы сатысы; өндіруші кәсіпорындардың тауарларды, өндіріс құралдарын, ірі топтамалармен сатуын қамтитын ішкі сауданың құрамдас бөлігі; тікелей өндірісте тұтынатын немесе бөлшек саудаға түсіретін тауарлардың ірі топтамаларымен сауда жасау; тауардың өндірушілерден бөлшек сауда орындарына немесе өндіріс құрал-жабдықтары бөлігінде өнімнің тұтынушы кәсіпорындарға жетуі. Көтерме саудаға ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын сатып алу да жатады. Ол өндіріс құрал-жабдықтарымен және тұтыну заттарымен Көтерме сауда жасау түрлеріне бөлінеді.

Көтерме сауда - бұл бір фирманың екіншісіне тауарлардың ірі партиясын сатуы. Сауда және өнеркәсіп кәсіпкерлері мен сауда-коммерциялықтардың арасында, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдарымен жүргізіледі. Әдетте бұл дәстүрлі көтерме сауда орталықтарында жүзеге асады: арнайы көтерме нарығында, жәрмеңке, аукцион және тауар биржаларында. АҚШ-да 420 мыңға жуық көтерме сауда орталықтары бар және олар жалпы көлемі екі триллион доллардан астам сауда көлемін жүргізеді.

Көтерме қызметті ұйымдастырудың жалпы үш категориясы бар: өндірушілердің көтерме қызметі; өз бетінше іс-әрекеттегі коммерциялық ұйымдардың көтерме қызметі; өз бетінше іс-әрекеттегі коммерциялық ұйымдардың көтерме қызметі; агент пен брокерлер арқылы көтерме қызмет.

Көтерме сауда - бұл тұтынушыға тікелей көтерме саудагерлердің тауарды саудагерлердің тауарды сатуы [1].

Бөлшек сауда - түпкі тұтынушының жеке қолдануы үшін тауарды сату мен қызмет көрсету жөніндегі іс-әрекет. Бөлшек сауда өнімді тұтынушыға жеткізу процесін аяқтайды. Ол үшін арнайы сауда орындарының болуы қажет. Бірақ дүкендердің болуы бөлшек сауда үшін міндетті түрдегі шарт емес, өйткені тауарды пошта, телефон, интернет және тағы басқалары арқылы да өткізуге болады. Бөлшек сауданың тарихы 20-жылдары өндіріс шығарған барлық заттарды табуға болатын жалпы дүкендерден басталған. Кейінірек арнайы дүкендер мен супермаркеттер және күнделікті сұраныс дүкендері пайда болды. Соңғы жылдары бөлшек сауданың жаңа түрлері, өнімді даналап сататын автоматтар, телефон және теледидар арқылы сату пайда бола бастады. Бөлшек сауданың сан алуан цикілділігін «бөлшек сауда дөңгелегі» деп атайды.

Бөлшек сауданың қызметтері оның мақсаттарымен анықталады:

1. Тауарды сатып алу мен оның ассортиментін қалыптастыру;

2. Тұтынушылардың сұранысын, талғамын, қалауын зерттеу;
3. Өндірушіні оның өніміне деген сұраныс барысы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
4. Тұтынушыларға тауардың сапасы мен ерекшеліктері туралы ақпарат беру;

5. Қызмет көрсету. Кәсіптік түрде сатып алу туралы шешім қабылдануына әсер етеді. Техникалық заттарды сатудағы және оны сатып алғаннан кейінгі қызмет көрсетудің маңызы жоғарылайды.

Бөлшек тауар айналымының құрамына кіретіндер:


- Қолма-қол ақшаға немесе қолма-қолсыз аударымдар бойынша халыққа тауар сату
- Төлем уақытын ұзартып несиеге тауар сату
- Тауар құнына кірмейтін сату бағасы бар орауыштың құны
- Үлгілер бойынша ұзақ пайдаланылатын тауарларды сату
- Бос ыдыстарды сату

Бөлшек сауда оралымы дегеніміз тұтыну бұйымдарының халыққа олардың ағымдағы және алдағы ақшалай табыстарына қолма-қол есеп айырысу арқылы айырбастау және несиеге беру көлемі. Осылайша бөлшек сауда оралымының негізгі экономикалық мазмұнын қорытындылауға болады.

Сауда мекемелері мен кәсіпорындарының қаржы шаруашылық қызметтерінің негізгі көлемді көрсеткіші болып тауар оралымы есептеледі, ол белгілі мерзімде сатылған тауарлардың көлемін көрсетеді.

Бөлшек сауда оралымына тауарларды халыққа сатудан басқа, бөлшек сауда кәсіпорындарынан шағын көтерме түрінде жекелеген заңды тұлғаларға (ауруханаларға, балалар мекемелеріне, демалыс ұйымдары мен санаторийлерге, мүгедектер мен қарттар үйіне, т.б.) өздері қызмет көрсететін халықтардың контингентін тамақтандыруды ұйымдастыру үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша сатылған азық-түлік тауарларының және олардың күнделікті шаруашылық қажеттілігіне жұмсалған азықтүлік емес тауарлар сомалары кіреді. Бұл тауар оралымы тағы да көтерме сауда деп аталады [2].

2010 жылы бөлшек тауар айналымы көлемі алдағы жылдармен салыстырғанда 4,5%-ға (ағымдағы бағамен) өскені байқалды. Егер 2006 жылы бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі 1408,7 млрд. теңге болса, ал 2010 жылы оның көлемі 2 551,4 млрд теңге болды, яғни 1142, 7 млрд теңгеге немесе 81,1%-ға ұлғайған.




Сурет 1 – Қазақстанның бөлшек тауар айналымы

2010 жылы 2006 жылмен салыстырғанда бөлшек тауар айналымының көлемінің 10,6%-ға төмендегенін атап кету керек. Мұның негізгі себептері Алматы қаласында (-15,4%-ға), Астанада (-10%-ға), СҚО (-5,6%-ға), сондай-ақ Жамбыл облысында (-4,1%-ға), БҚО (-2,6%-ға) және ОҚО (-2,2%-ға) төмендегені болып табылады.

Өңірлік бөліністе 2006 жылы бөлшек сауда көлемінің негізгі үлесі Алматы қаласына тиесілі болып, ол 47,8%-ды құрады, екінші орында - Астана қаласы - 10,4%.

2010 жылы 2006 жылмен салыстырғанда елдің бөлшек саудасында 36,1% үлеспен Алматы қаласы көшбасы болды, бұл 11,7%-ға азайғанын көрсетті. Екінші орында Қарағанды облысы - 10,7%, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға көп [3].

Тұтастай алғанда 2010 жылы қалған облыстар бойынша бөлшек сауда көлемінің өскені байқалады.




Сурет 2 – 2010 жылғы бөлшек тауар айналымының құрылымы

2006-2010 жылдары бөлшек саудадан салық түсімдері орташа есеппен 6 096,5 млн теңгеге (22,4%) өсу үрдісі байқалды. Мәселен, 2010 жылы автомобиль саудасынан түскен салық түсімдері 2009 жылмен салыстырғанда шамамен екі есеге 14 171 млн теңгеге, яғни 46,6%-ға азайған.

2011 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстан Республикасындағы бөлшек сауданың жағдайы туралы 2011 жылғы қаңтар-тамызда бөлшек сауда көлемі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 13%-ға жоғарылап 2 245,4 млрд теңгеге жетті. Ағымдағы жылғы тамызда 2010 жылғы тамызбен салыстырғанда тауарларды бөлшек саудада өткізу көлемі 16,2%-ға жоғарылады. 2011 жылы қаңтар-тамызда сауда кәсіпорындары арқылы тауарларды өткізу көлемі 2010 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 1 180,4 млрд теңгеге жетті немесе 7,5%-ға артық. 2011 жылғы қаңтар-тамызда базарлармен және жеке кәсіпкерлермен сауда көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,7%-ға жоғарылады, аталған өткізу арнасының үлесі бөлшек сауданың жалпы көлемінде 47,4%-ды құрады. Бөлшек сауда құрылымында азық-түлік емес тауарлар басым (бөлшек сауданың жалпы көлеміне 64,1%). Азық-түлік емес тауарлардың бөлшек саудада өткізілуі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12%-ға, азық-түлік тауарлар - 15,2%-ға ұлғайды.


2011 жылғы қаңтар-тамыздағы облыстар бойынша бөлшек сауданың нақты көлем индексі пайызбен



Сурет 3 – Көтерме тауар айналымы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2010 жылы 2006 жылмен салыстырғанда көтерме тауар айналымы 127,5%-ға төмендеп, 6 872,3 млрд. теңгені құраған.

Қазақстандағы көтерме сауда тауар ағынының реттеуші функциясын орындамайды, бұл біріншіден оның өзара байланыстарының бұзылуына, екіншіден сауда кәсіпорындарында меншікті айналым құралдарының жеткілікті көлемінің жоқтығына байланысты болып отыр. Оған қоса көтерме саудада соңғы жылдары дара кәсіпкерлер тұлғасында, атап айтқанда жеміс-көкөніс өнімін көтере жеткізу саласындағы сауда қызметі субъектілерінің саны ұлғайды.



Сурет 4 – Көтерме тауар айналымының көлемі

Ұйымдаспаған көтерме делдалдары бөлшек сауда кәсіпорындарына тауарларды жеткізудің әртүрлі шарттарын (төлемді кейінге қалдыру, ұсақ партиялар, жеткізуді жеделдету т.б.) ұсыну мүмкіндігі болғанымен, көтерме сауданы бөлшектеу шаруашылық байланыстардың айтарлықтай күрделенуіне әкелді. Мұның бәрі көтерме сауда инфрақұрылымын дамыту қажеттігін көрсетеді.

2010 жылы көтерме саудада сату бағаларының 10,8%-ға жоғарылауы тіркелген, өткен жылдарда олардың өсу қарқынының баяулауы байқалды: 2008 жылы - 7,8%, 2009 жылы - 3,1%. 2010 жылы отандық өндірушілердің тауарлары 15,1%, ТМД елдерінің - 6,5%, ТМД елдерінен басқаларының - 2,5%-ға қымбаттады. Көтерме саудада сату бағаларының жоғарылауына негізгі үлесті аралық тұтыну өнімдері (52%) және тұтыну тауарлары (41%) қосты. 2010 жылы аралық тұтыну өніміне баға индексі 115,7% (2009ж. - 96,2%), тұтыну тауарларына - 106,4% (2009ж. - 110,3%), өндіріс құралдарына - 101,9%-ды (2009ж. - 110,7%) құрады [3].

